

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ ҚАРАГАНДЫ Е. А. БӨКЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ



# Тақырыбы: Адамгершілік тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері

Орындаған: ХБ-32 тобының студенті  
Эгамова Акниет

# ЖОСПАРЫ

- *Рухани тәрбиенің маңыздылығы*
- *Адамгершілік тақырыбы - мәнгілік*
- *Адамзаттың жаһандық мәселелерінің рухани-адамгершілік сипаты*

*Философтардың пікірінше, адамзаттың ең негізгі, өзекті мәселелері экономикалық та, саяси да, ғылыми да емес, ең бірінші - рухани-адамгершілік.*


Тұтынушылық идеология тұлғаның рухани дамуына нұқсан келтіреді.

**Шығу жолы:** «жаңа аскетизм» идеологиясын қабылдау.


Материалдық құндылықты рухани құндылыққа қайта бағдарлау қажет.

**A.Печчеi:** Адам өзін-өзі өзгертуді ойлауы керек. Өндірістің ұлғаюын тежеп, тұтынушылық идеологияны рухани жетілуге қайта бағыттауы тиіс. Мәселенің шешімі – адамның рухани дүниесінде.


Адамдар мені түсінбесе  
қапаланбаймын, керісінше мен  
оларды түсінбесем, қапаланамын.  
Жақсы адам барлығын өзінен іздейді,  
ақымак адам оларды басқадан  
іздейді...  
Өте ақылдылар мен өте ақылсыздар  
ғана өмірде өзін-өзі өзгерте алмайды.  
Өте шыншыл бол, үйренгенді сүйе  
біл, өлімге дейін берік болып,  
жақсарған үстіне жақсара түс. Кім  
қателігін түзетпесе, сол ұлken қателік




Конфуций  
Б.з.б 551ж




*Кімде-кім өзін - өзі тани білсе ол  
өзінің не істей алатынын және не  
істей алмайтынын түсіне біледі.  
Соның нәтижесін де бақытты  
өмір сүре отыра , өмірде  
қателікке бой алдырмай  
бақытсыздықтан айналып өте  
алады. Осы артықшылығының  
арқасында біреудің құндылығын  
көре алады және оны өз  
қажеттілігіне қолдана алады”.*



*Сократ  
б.д.д. 470-399*



# **Абайдың адамгершілік, әдептік нормалары**




**Абай  
Құнанбаев**




**I-талағы** - мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлықты, әділетшіл, шыншыл болу. Әдепсіз, арсыз, байлаусыз, сұрамсаң, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді сияқты жаман мінездер мен әдеттерден, жарамсыз қылыштардан сақтанып, өзін одан жоғары санап, ондай қылыштарды бойына лайықсыз көрсе ғана, адам парасатты болады .

**II- талағы** - тұрақтылық, "Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын" дейді.

**III-талағы** - әділетшілдік. Әлеуметтік міндегі - дүниені белсене құрушы адамның бірі болып, халқы, Отаны үшін қызмет істеуі.




# «ӨЗІНДІ ӨЗІҢ ТАНЫСАҢ ІСТІҢ БАСЫ...»



Ш. Құдайбердіұлы  
(1858-1931)

Ол бүкіл батыс Европа, Шығыс елдері ғалымдарының, философтарының еңбектерін зерттейді және өз тұжырымын жасайды. Мысалы:

- «*Үш анық*» еңбегінде, жалпыадамзатты жаратушы бір күш бар – ол *бірінші анық*-дейді.
- Ал, рух өлмейді, жан мәңгілік - бұл *екінші анық* - деді.
- 



Білінген де,  
ы.



«Отбасында, мектепте, қоғамдық орындарында үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс. Өйткені біз баланы адал еңбек етіп, елін, халқын сүюге тәрбиелеп отырмыз. Сондықтан ұл – қызымызға көзбе - көз айтқан сөзіміз, берген тәрбиеміз жүректен-жүрекке жетсе, қандай ғанибет.»

Сара Алпысқызы

# *Рухани тәрбиенің маңыздылығы*



Василий Сухомлинский  
1918-1970жж

Бала кезде *уи жастан он екі жасқа* дейінгі аралықта әр адам өзінің *рухани дамуына* қажетті нәрсенің бәрін де *ертегіден* алады. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләzzат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар *рухани азық* – деп атап көрсеткен болатын.



## *Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік*



*Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті.*


*Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлагы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдем-ғұрпында.*

*Әр адам адамгершіліктің күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табигаттан бойына сіңіреді.*

# «Мен үш қасиеттімді мактан тұтам»

**Олар:**

- ❖ *жалған айтпадым;*
- ❖ *жақсылықты сатпадым;*
- ❖ *hәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.*



Ақан сері Қорамсаұлы



- 1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысы Үлкен Қоскөлдің маңында дүниеге келген
- Оның өмір сүріп, балалық шағын өткізген жері де осы Көкшетау тәнірегі.

# Жалпыадамзаттық құндылықты

Оқыту үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды  
енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз.

Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып  
табылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан  
жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, **мінезін**  
**өзгертуге** болады.

Адамның жақсылыққа үмтүлүү, ақиқатқа жүгінуі оның  
болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар  
екенінің дәлелі.

**МЕЙІРІМДІ МІНЕСІЗ АДАМ БІЛІМДІ АДАМ  
БОЛЫП САНАЛМАЙДЫ.**

# Қазіргі замандағы жаһандық мәселелер

*Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлишемдерінің жалпы адамзаттық өлишемге ие болуы деп түсіндіріледі.*

*Бұкіл әлемдік даму үдерісі жаһандануға алып келмей қоймайды. Бұл үдеріс бұкіл әлемдік жалпы адамзаттық құндылықтардың тұмастығын талап етеді.*



# *Дағдарыс*

Жеке тұлғалық	Қоғамдық	Экологиялық
1. Интеллектуалдық	1. Экономикалық	1. Ресурстық
2. Эмоционалдық	2. Саяси	2. Табиғи
3. Тәндік	3. Мәдени	3. Климаттық
	4. Отбасылық	
	5. Білім беру	



# *Дағдарыс*

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ

ҚОҒАМДЫҚ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Адамдар арасындағы өзара байланыстың субъективті бастан өткөріліп, объективті түрде бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас үрдісінде адамдардың бір-біріне әсер етуі тәсілдерімен және мінез-құлыштан көрініс береді.

Қоғамдық дағдардыстың себебі болып қоғамдық қатынастардың барлық түрлерінде көруге болады.

Табиғи байлықтың өзгеруіне, ресурстарға, қоршаған ортаның ластануына, табиғи байлықтардың азаюына, табиғи байлықты қолдану туралы заңына байланысты дағдарыс.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ДАҒДАРЫС

ҚОҒАМДЫҚ  
ДАҒДАРЫС

ЖЕКЕ  
ТҮЛҒАЛЫҚ

РУХАНИ  
ДАҒДАРЫ  
С



*Әр баланы керемет рухани күш иесі деп  
қарап, демеу жасасақ, құаттандырысақ,  
жүрегі нұрга толы, жан -жазына шуағын  
шашип тұрған мейірімді, адамгершілігі мол,  
үнемі талпынып тұратын, өз елін, өз жерін,  
өз тілін, өз отбасын сүйетін, еңбекқор,  
адал адам тәрбиелейтініміз сөзсіз.*

